



Мәслихаттың 2013 жылғы 25 қазандағы № 182 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2014 жылғы 28 қарашадағы № 274 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 желтоқсанда № 5243 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 368 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 21.12.2015 № 368 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына сәйкес Меңдіқара аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М **Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Мәслихаттың 2013 жылғы 25 қазандағы № 182 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4296 тіркелген , 2013 жылғы 28 қарашада "Меңдіқара үні" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

7-тармақтың 8) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"8) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 150000 теңге мөлшерінде ; " .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы, аудандық
мәслихаттың хатшысы **В. Леонов**

